

Ұлттық біліктілік жүйесін дамыту мәселелері жөніндегі кеңес ХАТТАМА

Астана қ. № 2024 жылғы 28 маусым

Төрағалық етті: Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі аппаратының басшысы Р. Е. Исақұлов.

Қатысты: (тізім бойынша)

Министрлік салаларында кадрлық әлеуетті дамыту бойынша кешенді пайымды қалыптастыру бойынша (тізім бойынша)

1. Оқу-әдістемелік бірлестік, салалық кеңестер, «Талар» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Жоғары білім беруді дамытудың ұлттық орталығы, кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган, білім, ғылым және жоғары білім министрлігі, салалық қауымдастық және танудың әлеуетті орталықтары өкілдерінің ақпаратын назарға алсын.

2. Өнеркәсіп, геология, Құрылыс істері және ТКШ комитеттері, Қала құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық саясат департаменті оқу-әдістемелік бірлестіктермен, салалық кеңестермен, «Талар» коммерциялық емес акционерлік қоғамымен, жоғары білім беруді дамытудың Ұлттық орталығымен, кәсіптік біліктіліктер жөніндегі Ұлттық органмен, білім, ғылым және жоғары білім министрліктерімен, салалық қауымдастықтармен және танудың әлеуетті орталықтарымен бірлесіп ағымдағы жылғы 12 шілдеге дейінгі мерзімде салааралық үйлестіру департаменті қоса берілген нысандарға сәйкес мәліметтер.

I. Кәсіптік біліктілікті растау туралы

(тізім бойынша)

3. «ТКШ сертификаттау орталығы» ЖШС басшысы А.А. Рубцовтың және Ұлттық кәсіптік біліктілік органының ҰК элементтерінің жұмыс істеуі жөніндегі департаментінің тәуелсіз сертификаттау басқармасының

басшысы А. Б. Қарабаевтың біліктілікті тану орталықтары бойынша ақпараты назарға алынсын.

4. Өнеркәсіп, геология, Құрылыс істері және ТКШ комитеттері, Қала құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық саясат департаменті салалық қауымдастықтармен, ірі жұмыс берушілермен бірлесіп

- **ағымдағы жылғы 12 шілдеге дейінгі** мерзімде Министрлік жетекшілік ететін салалардағы мамандардың **кәсіби біліктілігін растауға жыл сайынғы қажеттілік** айқындалсын;

- **ағымдағы жылдың 16 тамызына дейінгі** мерзімде кәсіптік біліктілікті тану жүзеге асырылатын кәсіптер тізілімін өзектендіру бойынша ұсыныстар қалыптастырылсын;

- **ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне дейінгі** мерзімде кәсіптік біліктілікті танудың әлеуетті орталықтары және оларды аккредиттеу мерзімдері айқындалсын.

II. Салалық кеңестер туралы

(тізім бойынша)

5. Кәсіптік біліктілік жөніндегі Ұлттық органның вице-президенті Е.Т. Жұманбаевтың салалық кеңестер туралы ақпараты назарға алынсын.

6. Өнеркәсіп, геология, Құрылыс істері және ТКШ комитеттеріне, Қала құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық саясат департаментіне

- **ағымдағы жылдың шілде айының соңына дейінгі** мерзімде салалық кеңестердің құрамына оқу-әдістемелік бірлестіктер, базалық (ірі) кәсіпорындар, базалық білім беру ұйымдары енгізілсін.

- **5 шілдеге дейінгі мерзімде** осы кеңестерде айтылған мәселелерді егжей-тегжейлі талқылау үшін «Талар» коммерциялық емес акционерлік қоғамының оқу-әдістемелік бірлестігін, жоғары білім беруді дамытудың ұлттық орталығын, кәсіптік біліктілік жөніндегі Ұлттық органды, білім, ғылым және жоғары білім министрлігін, салалық қауымдастықты және танудың әлеуетті орталықтарын шақыра отырып, салалық кеңестердің отырыстарын ұйымдастыру.

IV. Әр түрлі

(тізім бойынша)

7. Салааралық үйлестіру департаменті өнеркәсіп, геология, Құрылыс істері және ТКШ комитеттерімен бірлесіп Ұлттық біліктілік жүйесінің барлық мүдделі тараптарымен байланыс алмасады.

8. Осы Хаттаманың тапсырмаларының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрлігінің аппарат басшысы**

Р. Исақұлов

Тарату тізімі

1. Өнеркәсіп комитеті
2. Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті
3. Геология комитеті
4. Қала құрылысы және тұрғын үй-коммуналдық саясат департаменті

Согласовано

01.07.2024 10:03 Кенжебаева Айгуль К

Подписано

01.07.2024 10:14 Исакулов Рахымжан Ержанович

